

«Бекітемін»

«Дарын» РГПО директоры

А. Унайбеков

2022 ж. « 12 » 09

**Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша
ПРЕЗИДЕНТТІК ОЛИМПИАДАНЫҢ БІРІНШІ (ӨҢІРЛК)
КЕЗЕҢІН өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар
(бұдан әрі-Олимпиада)**

1. Жалпы ережелер

1. Президенттік олимпиада үш кезеңде өткізіледі:

1) бірінші (өңірлік) кезең – 12 қазанда;

2) екінші (іріктеу) кезең – 2 турда өткізіледі:

1 тур (қашықтық) – 26 қазанда;

2 тур (шығармашылық) – қашықтық турды өткізу күні;

3) үшінші (республикалық) кезең – 22-25 қараша аралығында.

Екінші (шығармашылық) турға қатысушылар 45 минут ішінде 1 беттен аспайтын көлемде эссеңі олардың оқу тілінде жазады.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері:

1) орта білім беру үйымдарының оқушылары арасында математика, физика, химия және биологиядан дарынды оқушыларды анықтау үшін кесіптік бағдар мен болашақтағы интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдай жасау;

2) жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен дағдыларын тереңдетеу;

3) тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне және дамытуына жағдай жасау.

3. Әр қатысушы барлық кезеңдерде төрт пән бойынша тапсырмаларды орындайды: математика, физика, химия және биология.

4. Олимпиаданың өңірлік кезеңін облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары өткізеді. Олимпиаданың өткізуленген бақылау облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, өңірлік «Дарын» орталықтарына, республикалық білім беру үйымдарына, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-на жүктеледі.

5. Олимпиадаға бұрын республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларға қатыспаған республиканың білім беру үйымдарының ағымдағы оқу жылшының 11 (12) сынып түлектері ғана қатыса алады.

6. Олимпиаданың бірінші (өңірлік) кезеңі ағымдағы жылғы 12 қазанда Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 10.00-де бірыңғай күні өткізіледі. Қатысушылардың жұмысын объективті бағалауды, сондай-ақ олимпиаданың

өнірлік кезеңін өткізудің ашықтығын, академиялық адалдығын қамтамасыз ету қажет.

2. Олимпиаданы өткізу тәртібі

7. Олимпиаданы үйымдастыру және өткізу үшін үйымдастыру комитеті құрылады және бекітіледі. Үйымдастыру комитетінің құрамына үйымдастыру комитетінің тәрағасы мен мүшелері кіреді. Олимпиаданы үйымдастыруға және өткізуге жауапты «Дарын» өнірлік орталықтарының директорлары тәрағаларымен айқындалады. Әр пән бойынша қазылар алқасының құрамын қалыптастыру және бекіту қажет.

8. Олимпиадалық тапсырмаларды алу және сақтау, тапсырмалардың құпиялышы, тапсырмалармен жұмыс істей кезінде құпиялышы қағидаларын сақтау үшін бір жауапты адамды («Дарын» өнірлік орталығының басшысы қатарынан) тағайындау керек.

9. **Жауап бланкісі** Олимпиада үйымдастырушыларына жіберіледі.

Тапсырмалар «Дарын» РЕПО-ның www.ro.daryn.kz. сайтында орналастырылады. Платформа олимпиада басталғанға дейін 1 сағат бұрын, тапсырмаларды жүктеу және бір көзден тапсырмаларға бір уақытта қол жеткізу үшін қолданылады. Олимпиада тапсырмалары әрбір өнірге (әрбір өткізу орнына) жеке таңбаланады (маркировка). Тапсырмалар таралған жағдайда ережені бұзушылар Олимпиададан шеттетіледі. Үйымдастыру комитеті тапсырмалардың таралуына жол берген қызметкерлерге қатысты тәртіптік шаралар қабылдауы қажет. Тапсырмаларға қол жеткізу әр өнірдің жауапты тұлғасына беріледі. Алдын-ала тапсырмаларды көбейту үшін КФҚ принтер, сканер, А4 қағаз (1 қатысушыға кемінде 20 п.), конверт дайындау қажет.

10. Әр аудиторияны бейнебақылау және бейне жазумен қамтамасыз етіп, youtube арнасына тікелей сілтемені «Дарын» РЕПО-на ұсыну керек. Аудиториядан шықпай-ақ жұмыстарды сканерлеуді (жауап бланкісін) жүзеге асыру керек. Жұмыстарды қазылар алқасына ұсынғанға дейін шифрлау.

11. Әрбір қатысушыға бірдей жағдаймен қамтамасыз етілген, жеке жұмыс орны берілуі тиіс.

12. Қатысушылардың жұмыстары емтихан аяқталғаннан кейін екі сағат ішінде (120 минут) **pdf** форматында жүктелуі тиіс. Қатысушылардың жұмыстары шифрланбауы керек. Әр қатысушының жұмысы бөлек файлмен жүктелуі керек.

13. Олимпиаданың бірінші (өнірлік) кезеңінде - апелляция өткізілмейді.

14. Қорытынды хаттаманы өнірлік «Дарын» орталықтарының сайтында Олимпиада өткізілгеннен кейін келесі күні жариялау қажет.

15. Олимпиаданың әрбір қатысушысы барлық кезеңдерде тапсырмаларды жеке және дербес төрт пән бойынша жауап бланкісінде орындайды (әр пәнге жеке А4 парагы): математика, физика, химия және биология. Тапсырмаларды шешуге 2 астрономиялық сафаттан аспайтын уақыт бөлінеді. Тапсырмаларға қолжетімділік Нұр-Сұлтан уақыты бойынша олимпиада басталғанға дейін 1 сағат бұрын ашылады. Тапсырмалардың

шешімі 12 қазанда сағат 15.00-ден кейін daryn.kz. сайтында барлық аймақтар Олимпиаданы аяқтағаннан кейін жарияланады. Олимпиада тапсырмаларын орындауды бағалау критерийлері ұйымдастырушыларға ұсынылады. Қатысушылардың жұмысын тексеру үшін қатысушылардың олимпиадалық жұмыстарын кодтау (иесіздендіру) қажет.

16. Әр пән бойынша тапсырмалардың құрылымы:

- **10 ұпай** бір дұрыс жауабы бар тест;

- **10 ұпай** бірнеше таңдау - қатысушы берілген тізімнен бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау қажет; балама таңдау-қатысушы «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруі тиіс; сәйкестікті белгілеу-қатысушыға екі тізім элементтерінің сәйкестігін белгілеу ұсынылады; бірізділікті белгілеу – қатысушы тізім элементтерін белгілі бір ретпен орналастыруы тиіс;

- **5 ұпай** – тапсырмаларды шешу үшін классикалық тапсырмалар.

17. Олимпиада барысында қатаң тыйым салынады:

● олимпиадалық тапсырмаларды ұжым болып орындау, бөгде адамдардың көмегін пайдалану (ата-аналар, мұғалімдер, интернет желісі және т.б.);

● ішкі жадтан немесе интернеттен жүктелген мәтіндік, графикалық және/немесе аудио форматта ақпарат беруге қабілетті кез-келген байланыс құрылғыларын, смартфондарды, смарт-сағаттарды немесе кез-келген басқа гаджеттерді пайдалану;

● кез-келген электрондық немесе қағаз түріндегі анықтамалық ақпаратты, оқулықтарды, басқа әдебиеттерді, конспектілерді және басқа дайындалған жазбаларды, калькуляторларды қолдану (тек физика және химия пәндерінен рұқсат етіледі);

● жұмыс орнынан рұқсатсыз кету.

18. Қатысушының нәтижелері тәмендегі жағдайлар орын алса жойылуы мүмкін:

● мәлімделген қатысушының орнына емтиханды басқа қатысушы жазса;

● емтихан кезінде қатысушы емтихан жазу орнынан рұқсатсыз кетсе;

● емтиханға қатысушы орында, бөгде адамдар бар болса;

● емтихан кезінде қатысушы бөгде адаммен сөйлесті;

● интернет пен әлеуметтік желілерде тапсырмаларды тарату және көшіру;

● шпаргалка, тыйым салынған заттарды және құрылғыларды пайдалану.

19. **Олимпиаданың өнірлік кезеңінің нәтижелері бойынша** есепті (талдау, хаттама, іріктеу кезеңіне өткен қатысушылардың тізімі (**құжат бойынша тізімді тексеру**), қатысушылардың құжаттарын ЖСН-мен) ұсыну қажет. Иріктеу кезеңіне әрбір облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ олимпиаданың өнірлік кезеңінің нәтижелеріне сәйкес құрамында **20 адамнан аспайтын командалар**, республикалық білім беру ұйымдары құрамында **8 адамнан аспайтын** команда қатыстырады.

Сәттілік тілейміз!

Республикалық ұйымдастыру комитеті

**(Зияткерлік іс-шараларды ұйымдастыру және халықаралық
ынтымақтастық бөлімі**

Байл.тел 8 7172 57 01 34, әл.почта g.tursynbekova@daryn.kz